FTAMP 10.77.51 https://doi.org/10.26577/JAPJ2025114214

**С. Әділғазы*, Н.К. Амиров, К.Н. Айдарханова**

Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: serikhan@mail.ru

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢНАМАСЫНА ҚҰҚЫҚТЫҚ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің және қоғамның дамуына кедергі келтіретін құқықтық мәселе болып табылады. Мемлекеттің міндеті – сыбайлас жемқорлықтың мемлекетпен қоғамның дамуына теріс әсерін азайту. Бұл мақалада Қазақстан мен шетелдердің сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты бірқатар мәселелер зерттеледі. Авторлар Қазақстан Республикасының және шетелдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы қылмыстық және өзге де заңнамасын талдайды. Әр мемлекет сыбайлас жемқорлықпен күрестің өз жолын таңдайды, мұның көп бөлігі қылмыстық және әкімшілік заңнаманың даму деңгейіне, қоғамның сыбайлас жемқорлықпен күреске қаншалықты қатысатынына, құқықтық сана деңгейіне және мемлекеттік қызметшілердің өздеріне байланысты. Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресіп жатқан шетелдер заңнамасы мен халықаралық құқықтық актілер үлкен қызығушылық тудырады, себебі олар тәжірибе алмасуға, қазақстандық құқықтық көзқарасты қайта бағалауға, сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты ұғымдар мен құқықтық нормаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы мен басқа да заңнамалық актілеріндегі тәсілдерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

**Зерттеу нысаны –** қылмыстық құқық саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасы. **Зерттеу пәні:** Қазақстан қоғамын әлеуметтік экономикалық жақсарту жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама негізінде қылмыстық құқық саласындағы қолданыстағы заңдарға доктриналық мониторингті жүзеге асыру.

**Зерттеудің мақсаты.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дамыған шетел мемлекеттерінің моделін Қазақстанның қылмыстық құқық нормаларына енгізудің әдіснамалық негіздерін белгілеу. **Жұмыстың маңыздылығы.** Қылмыстық құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында жекелеген олқылықтардың орнын толтырудан, ҚР ҚК жетілдіру мәселелері бойынша заң шығару қызметінде қолдану мүмкіндігінен тұрады.

**Түйін сөздер:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық заңнама, қылмыстық жауапкершілік, жаза.

S. Adilgazy*, N.K. Amirov, K.N. Aydarkhanova

Narxoz University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: serikhan@mail.ru

## Issues of legal monitoring of anti-corruption legislation

Corruption is a problem on the way of development of the state and society. The task of the state is to reduce the negative impact of corruption on the development of the state and society. This article examines a number of issues related to combating corruption in Kazakhstan and foreign countries. The authors analyze the criminal and other legislation of the Republic of Kazakhstan and foreign countries in the field of combating corruption. Each state chooses its own way of combating corruption, much depends on the level of development of criminal and administrative legislation, the degree of involvement of society in the fight against corruption, the level of legal awareness of society and civil servants themselves. The legislation of foreign countries that successfully counteract corruption, international legal acts in the field of combating corruption are of great interest in terms of adopting successful experience, rethinking the domestic approach in formulating the conceptual apparatus, legal norms and approaches to combating corruption in criminal law and other legislation of the Republic of Kazakhstan.

The object of the study- legislation in the field of criminal law and anti-corruption.

Subject of research. Implementation of doctrinal monitoring of current legislation in the field of criminal law using the example of legislation on combating corruption in the context of the socio-economic


© 2025 Al-Farabi Kazakh National University

Purpose of the study. The establishment of methodological foundations for the inclusion of the model of developed foreign states in the norms of criminal law of Kazakhstan on combating corruption.

The importance of work. It consists in filling certain gaps in the field of criminal law and anti-corruption activities, the possibility of applying conclusions and proposals in legislative activities on improving the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords**: anti-corruption, criminal law, criminal liability, punishment.

С. Адилгазы*, Н.К. Амиров, К.Н. Айдарханова

Университет Нархоз, Алматы, Казахстан
*e-mail: serikhan@mail.ru

**Вопросы правового мониторинга законодательства по противодействию коррупции**

Коррупция является проблемой на пути развития государства и общества. Задача государства в том, чтобы уменьшить негативное влияние коррупции на развитие государства и общества. В данной статье исследуются ряд вопросов, связанных с противодействием коррупции в Казахстане и зарубежных странах. Авторы проводят анализ уголовного и иного законодательства Республики Казахстан и зарубежных стран в области противодействия коррупции. Каждое государство выбирает собственный путь борьбы с коррупцией, очень многое зависит от уровня развития норм уголовного и административного законодательства, степени вовлеченности общества в борьбу с коррупцией, уровня правосознания общества и самих государственных служащих. Законодательство зарубежных стран, которые успешно противодействуют коррупции, международные правовые акты в области борьбы с коррупцией представляют большой интерес в плане перенятия успешного опыта, переосмысления отечественного подхода в формулировании понятийного аппарата, правовых норм и подходов по противодействию коррупции в уголовном праве и ином законодательстве РК.

Объект исследования – законодательство в области уголовного права и по противодействию коррупции. Предмет исследования. Осуществление доктринального мониторинга действующего законодательства в области уголовного права на примере законодательства по противодействию коррупции в условиях социально-экономического развития казахстанского общества.

Цель исследования. **Установление** методологических основ включения в нормы уголовного права Казахстана модели развитых иностранных государств по противодействию коррупции. Значение работы состоит в восполнении отдельных пробелов в сфере уголовного права и антикоррупционной деятельности, возможности применения выводов и предложений в законотворческой деятельности по вопросам совершенствования УК РК.

**Ключевые слова:** противодействие коррупции, уголовное законодательство, уголовная ответственность, наказание.

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйекте «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауында (https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659) айтылған, инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті ыңғайлы шарт-жағдай қалыптастыру үшін ең алдымен қазіргі таңда қолданыстағы құқықтық актілермен оның ішінде қылмыстық құқық саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық актлер мен заңнамасының қолдану практикасының жай-күйін зерделеу арқылы оның тиімділігін бағалауда құқықтық мониторинг жүргізу маңызды болып табылады.

Мемлекет басшысының жолдауда отандық инвестициялық ахуалды жағымды ету үшін берген біраз тапсырмаларын орындауда ең бірінші сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының мониторингін оның жай-күйін анықтауға және сапасын бағалауға, сондай-ақ қылмыстық қудалауға қатысты нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың уақтылығын, олардың орындалуына құқықтық баға беруден бастау керек.

Біріншіден, қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамаға құқықтық мониторингтің мақсаты тұтастай алғанда заңнаманы жетілдіру және дамыту мақсатында заң шығару қызметі мен оның түпкілікті нәтижелері арасында сапалы жаңа тұрақты ақпараттық байланысты орнату болуы тиіс. Сон-

дықтан, қылмыстық құқық саласындағы заңнамасының тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық нормаларды жүзеге асырудың нәтижесі мен мақсаты арасындағы байланыс болған кезде нақты жоспарланған нәтижеге жетуге болады.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының тимділігіне құқықтық баға беру қажет. Құқықтық ғылыми еңбектерде «тиімділік»: оңтайлылық; дұрыстық; негізділік немесе орындылық деп әртүрлі ұғымдар арқылы түсініледі. Құқық нормасына қатысты тиімділік, сайып келгенде, ең алдымен қоғамның әлеуметтік жағдайына пайдалылық пен тұрақтылығын сақтауда маңызды көрсеткіш болып табылатын тиімділікпен байланысты.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбын әзірлеу кезінде жалпы ғылыми, логикалық-семантикалық, тарихи-құқықтық, компаративтік әдістер, сондай-ақ қоғамдық құбылыстың құқықтық құбылысқа айналу процестерін зерттеуге және бағалауға диалектикалық көзқарас қолданылды. Зерттеудің арнайы әдістерінен басқа, қылмыстық құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында жекелеген олқылықтардың орнын толтырудан, шетелдік моделін ғылыми негіздеу және ұтымды түсіндіру мақсатында отандық құқық жүйесінің де, шетелдердің немесе халықаралық ұйымдардың құқықтық қайнар көздерінің нормалары пайдаланылды.

## Нәтижелер және талқылау

Қазіргі таңда халықаралық ұйымдар мен әлем елдерінде қолданыстағы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының тиімділік критерийлеріне бірыңғай көзқарас әлі анықталған жоқ, көптеген ғылыми анықтамаларда тиімділік нақты қол жеткізілген нәтиже мен оған қол жеткізу үшін тиісті шешім қабылданған мақсат арасындағы қатынас ретінде қарастырылады.

Қолданыстағы Қылмыстық кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқық актілердің баршаға бірдей танылған принциптері мен құқық нормаларына негізделген. Қазақстан Республикасы Конституциясының мен Қылмыстық кодекс нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда ҚР Конституцияның норма ережелерінің басымдылығын атап өтсек болады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары және Конституциялық Сотының Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

ҚР Қылмыстық кодексі қабылданғаннан бері көптеген өзгерістер мен толықтырулар жасалғаны белгілі. Бұл түсінікті, өйткені құқық – бұл динамикалық, сонымен қатар ашық жүйе, оның ішкі құрылымы мен байланыстары өзгеруі мүмкін. Қылмыстық кодекске енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың мақсаты ҚР қылмыстық заңнамасын жетілдіру болып табылатыны анық.

Қазіргі таңда жемқорлық бойынша қылмысты анықтау мен анықталған құқық бұзушылықтарды тергеу кезінде күдікті және айыпталушы адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту барысында ҚР Қылмыстық кодексімен қатар қылмыстық процестік кодексі және ҚР басқа да заңдары қолданылады. Қылмыстық процестік кодексі қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру, бірінші сатыдағы сотта қылмыстық іс бойынша іс жүргізу, сот үкімдері мен қаулыларын қайта қарау және орындау мәселелерін реттейді. Сотқа дейінгі тергеу және сот тергеуі барысында Қылмыстық кодекстің нормаларымен қатар басқа да заңдар мен нормативтік құқықтық актілер қолданылады. Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінің баптарын ерекшеліктерін анықтауға көмектесетін ҚР басқа заңдарының нормалары да қолданылуы мүмкін. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару саласындағы заңмен тиым салынған мүдделерге қарсы сыбайлас жемқорлықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу кезінде жеке тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін мемлекеттің Ата заңының нормалары қолданылады.

ҚР Конституциясының 33-бабы мемлекеттік қызмет институты туралы негізгі ережелерді, азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығын бекітеді (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_). Ата Заңның осы ережелерін дамыту үшін «ҚР мемлекеттік қызмет туралы» ҚР заңы қабылданды (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416/z150416.htm). Бүкіл әлемде кез келген елдің мемлекеттік қызметіндегі мәселелердің бірі – жемқорлық. Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы

саясатты іске асыруға бағытталған (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410/z150410.htm).

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың құрамы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-тарауында «Сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» көрсетілген (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру үшін басқа елдердің тәжірибесі мен заңнамасын, халықаралық құқық нормаларын имплементациялауды зерделеу қажет. Беделді халықаралық ұйымдар сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықаралық-құқықтық актілер мен ұсынымдар әзірлейді. Осы актілердің ережелерін зерделеу және Қазақстан заңнамасына енгізу қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұғымдарды, терминдерді, тәсілдерді, санкцияларды және олардың мөлшерін біріздендіруге негізделуі тиіс. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында «Еуропалық Одақтың заңнаманы әзірлеу жөніндегі практикалық нұсқауы заңнама жобаларын әзірлеу бойынша заңнамалық терминдердің қарапайым тұжырымдамалары, күрделі ұғымдарды барынша қарапайым ұғымдарға бөлу және ауызекі тілді қолдану сияқты бірқатар стилистикалық ұсынымдар береді» делінген (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674). Халықаралық құқық нормаларын Қазақстан құқығына имплементациялау, ұлттық заңнама нормаларын біріздендіру, құқықтық реттеудегі тәсілдердің ортақтығы ұлттық заңнама нормалары мен институттарын жетілдірудегі бірқатар проблемаларды шешуге, қылмысқа, атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға барынша тиімді қарсы тұруды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті құқықтық реттеу әдістеріндегі айырмашылықтарды жою біздің елімізге сыбайлас жемқорлық деңгейі өте төмен елдермен бірдей табысқа жетуге мүмкіндік береді. Transparency International ұйымының 2023 жылғы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен елдерге Дания, Финдяндия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Сингапур, Швеция және Швейцария кіреді. (https://images.transparencycdn.org/images/Report_CPI2023-embargoed-until-07-01-am-cet-tuesday-30-january-2024.pdf).

Әлемде және ТМД елдері арасында Грузияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибесі көп талқыланады. Грузия Қылмыстық кодексінің 338-бабында «пара алу», «пара талап ету», «өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына осындай ұсыныстарды немесе уәделерді алу», «өз мүддесін пайдалану» немесе «өзінің лауазымдық беделін пайдалану», пара берушінің пайдасына пара алу сияқты тұжырымдарды ерекше атап өтуге болады. Грузия Қылмыстық кодексінің 338-бабына сәйкес «пара алу шенеуніктердің немесе оларға теңестірілген адамдардың ақшаны, бағалы қағаздарды, өзге де мүлікті, мүліктік пайданы немесе қандай да бір заңсыз артықшылықты тікелей немесе жанама нысанда алуы немесе талап етуі, сол сияқты осы лауазымды адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың өздерінің немесе басқа адамдардың пайдасына жүзеге асыру туралы осындай ұсыныстарды немесе уәделерді алуы немесе орындаудан бас тартуы пара берушінің пайдасына қандай да болмасын әрекеттер жасауға әкеп соғады, басқа тұлғаның немесе олардың лауазымдық өкілеттіктерін осындай мақсаттарға жету үшін пайдалануы, сондай-ақ қызметтік өкілеттіктерді орындау кезінде қызметтік қорғаншылықты жүзеге асыру» деп анықтама береді (https://matsne.gov.ge/ru/document/view/16426?publication=262).

Грузияда мемлекеттік және саяси лауазымдарды атқаратын адамдарға сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны және пара алғаны үшін Қазақстанға қарағанда қатаң жазалар көзделеді. Сондай-ақ, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына Грузия ҚК-нің $339^1$-бабының «саудаға әсері» ережесін енгізуді зерделеу қызықты. Грузия Қылмыстық кодексінің осы бабында «ақшаны, бағалы қағаздарды, басқа мүлікті, мүліктік пайданы шенеуніктің немесе шенеунікке теңестірілген адамның шешім қабылдауына заңсыз әсер ете алатын адамға бергені үшін» (https://matsne.gov.ge/ru/document/view/16426?publication=262) жауапкершілік туралы айтылған. ҚР ҚК-де мемлекеттік қызметшінің ықпалымен сауда жасау немесе мемлекеттік қызметшіге әсер ету туралы нормалар жоқ. Жалпы, мемлекеттік қызметкерлердің бизнеске ықпал ету проблемасы және мүдделер қақтығысы туралы ашық айту қажет. Кейбір қазақстандық ғалымдар айтуы бойынша: «мемлекеттік қызметтегі, сонымен бірге квазимемлекеттік сектордағы мүдделер қақтығысын алдын алудың негізгі принциптері, тетіктері мен субъектілері қамтылған «Мүдделер қақтығысы» туралы Заң қабылдау қажет» (Айтимов 2024: 26).

Шенеуніктер, олардың туыс-тамыры бизнеске тікелей немесе әртүрлі фирмалар арқылы

қатысуы, лоббизм, патронат – турасында өте үлкен мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда заңсыз шығарылған активтерді елге қайтару бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл активтердің көпшілігін шенеуніктер бизнес өкілдеріне заңсыз сыйақы алу нәтижесінде жинаған. Осыған байланысты Қазақстанға басқа елдердің тәжірибесін зерделеу пайдалы болады.

Грузияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында Грузияға сыбайлас жемқорлықпен күресуге көмектескен көптеген әртүрлі ережелер мен нюанстар бар. Грузияның 1997 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының 3-бабында бірқатар негізгі терминдер мен ұғымдар берілген, олардың ішінде «мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлық», «сыбайлас жемқорлық қылмысы», «мемлекеттік мекемедегі мүдделердің сәйкес келмеуі», «негізсіз мүліктің пайда болуын негіздеу» сияқты ұғымдарды бөліп көрсетуге болады. Грузияның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында екі терминге ерекше тоқталғым келеді:

- мемлекеттік мекемедегі мүдделердің сәйкес келмеуі – мемлекеттік қызметшінің мүліктік немесе өзге де жеке мүдделерін мемлекеттік мекеменің мүдделеріне қарсы қою болып табылады.
- негізсіз мүлік – лауазымды адам немесе оның жақын туыстары растайтын заңды құжатсыз алған мүлік, кірістер, акциялар (үлестер) (https://matsne.gov.ge/ru/document/view/33550?publication=84).

Қазақстан Республикасының заңнамасында да Грузия заңнамасындағы жоғарыда аталған терминдер мен ұғымдарға ұқсас кейбір терминдер мен ұғымдар бар. Атап айтқанда, 2023 жылғы 12 шілдедегі «Заңсыз алынған мүлікті мемлекет меншігіне қайтару туралы» Қазақстан Республикасының заңында «заңсыз иемденілген активтер», «пайда болуы түсініксіз активтер» сияқты ұғымдар бар (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000021). Айта кетейік, 2024 жылдың тамызында Қазақстанда алғаш рет пайда болуы түсініксіз активтерге түсініксіз байлыққа қатысты сот актісі орындалды: сотталушыдан 10 миллион доллардан астам ақша тәркіленді. (https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/neobyyasnimoe-bogatstvo-kazahstantsa-izyyali-10-millionov-545684/). Алайда, Грузия заңында қолданылатын терминдер сыбайлас жемқорлық арқылы заңсыз кірістің басқа аспектілерін көрсетеді, сыбайлас жемқорларды заңнамалық қудалауды кеңейтеді, сыбайлас жемқорларға жауапкершіліктен бас тартуға мүмкіндік бермейді. Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ойдағыдай жүргізіп жатқан елдердің заңнамасынан бірқатар нормалар мен терминдерді қабылдай алар еді. Айта кету керек, заңнаманың жетілмегендігі, әкімшілік кедергілер, сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін нормалардың болуы ең үлкен проблемалардың бірі болып табылады. Кейбір авторлар атап өткендей «заң шығарудағы сыбайлас жемқорлық демократиялық институттардың тұтастығына нұқсан келтіретін және қоғамның үкіметке деген сеніміне нұқсан келтіретін күрделі мәселе» (Мылтыкбаев 2023: 144). Бұл қоғамның ерекше назарын талап ететін заң шығару саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен байланысты проблемалардың жиынтығы. Заңдар мен басқа да нормативтік актілерді әзірлеу және қабылдау саласындағы процестердің жариялылығы мен ашықтығы жағдайды өзгерте алады. Өткеннің қателіктерін қайталамау үшін саяси сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолдарын зерттеуге назар аудару өте маңызды.

Осы жағдайда, еліміздің заңнамасында қолданылатын терминология сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық актілерде және сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық ұйымдарда қолданылатын терминологияға ұқсас болуы керектігін атап өткіміз келеді. Халықаралық қоғамдастық елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару бойынша белсенді ынтымақтасуда. Қытай бұл мәселеде үлкен жетістікке жетті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Sky Net арнайы науқаны әлемнің 90 елінде жасырынып жүрген мыңдаған қылмыскерлер мен жемқор шенеуніктерді ұстап, Қытайға қайтаруға мүмкіндік берді. Олардың ішінде 825 бұрынғы мемлекеттік қызметкер және ҚХР билігінің іздеудегі 100 адамы тізімінде 52 адам бар, оларға қатысты Интерполдың «қызыл хабарламасы» жарияланған. Сонымен қатар, Бейжің елден заңсыз шығарылған шамамен 1,58 млрд. долларды қайтарды. Қытай билігі Интерполға сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар деген күдікпен іздеуде жүрген 100 жуық адамның тізімін ұсынды. Оларға байланысты Интерпол «қызыл хабарламалар» шығарды, бұл олардың тұтқындалуына ықпал етті (https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/5272527). 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында Қытай шетелге қашып кеткен 582 адамды, сондай-ақ бұл адамдар заңсыз иемденген шамамен 270 миллион долларды елге қайтарды. Қытай

билігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты тереңдетуге, сондай-ақ шетелде қылмыскерлерді іздеуге қатысты қатаң ұстанымды сақтауға және заңсыз шығарылған активтерді қайтаруға күш салуға дайын екенін білдірді (https://russian.news.cn/20230721/1c043c97ecc7469aa9fe698121356cda/c.html). Зерттеушілер «Қытайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жаңа, тиімдірек деңгейге көтерілуде, бұл халықаралық ынтымақтастықтың дамуына байланысты» деп санайды (Просеков 2021: 926). Сонымен қатар, Оңтүстік Американың кейбір елдерінің, тәжірибесі де белгілі, мысалы Чили, сыбайлас жемқорларды ұрланған ақшаны елге қайтаруға мәжбүр етті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық конвенцияларды ратификациялау, олардың ережелерін Қазақстан заңнамасына енгізу, ашықтық, жариялылық, басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық жағдайды өзгерту мүмкін. Мысалы, «Қытай өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын кезең-кезеңімен халықаралық стандарттарға сай өзгертуде. Осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ҚХР-да сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы күрес бағытында қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қайта қараудың белсенді процесі жүріп жатыр» (Кулакова 2022: 40).

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар үшін жазаны қатаңдату қажет сияқты. Қытайдағы сот бұрынғы министрді 10 миллион доллар пара алғаны үшін өлім жазасына кескен жағдай белгілі. Сол жылдары Ресейде Мәскеу аудандарының бірінің префектісі сотталды. Ұрлықтың салыстырмалы сомасы үшін оған бес жыл шартты түрде берілді. Ресейде «сыбайлас жемқорлық» ұғымына әлдеқайда көп нәрсе кіреді, мысалы, мемлекеттік қаржыны жымқыру. Ресей Федерациясында сыбайлас жемқорлыққа бүкіл әлемде рэкет деп аталатын нәрсе жатады, мысалы бақылау-қадағалау органдары қызметкерінің ақша талап етуі. Қытайда кең таралған сыбайлас жемқорлық жоқ. Қытайдағы сыбайлас жемқорлық компаниялардың шенеуніктерге пара бергенімен, мемлекеттік тапсырыспен байланысты (https://www.svoboda.org/a/25040606.html). Қытайда өмір бойына бас бостандығынан айыру, марапаттар мен лауазымдардан айыру түріндегі өте қатаң жазалар бар. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жариялылық қоғамның сыбайлас жемқордың туыстарына деген жеккөрушілігін тудырады. Қытай компартиясында шенеуніктерге маңызды тыйым салуды белгілейтін «8 ереже» деп аталатын құжат бар (Майоров 2021: 80).

Жемқор шенеуніктерге бұдан да қатаң жаза қолдану орынды сияқты. Қытайда жемқор шенеунік өлім жазасына кесілуі мүмкін. Екі жыл ішінде өлім жазасын өмір бойына бас бостандығынан айырумен алмастыру мәселесі шешілуде. Израильдің бесінші премьер-министрі Голда Мейр кез келген елді ұлы ету үшін жетінші ұрпаққа дейін сыбайлас жемқорлықты сатқындықпен, ал жемқор шенеуніктерді сатқындармен теңестіру керектігін айтқан(https://aif.ru/society/history/kak_golda_meir_predlagala_sdelat_lyubuyu_stranu_velikoy). Мүмкін, біз «сыбайлас жемқорлық» ұғымының анықтамасына өзгертулер енгізуіміз керек шығар. Мысалы, «Индонезияда сыбайлас жемқорлық елдің мемлекеттік қаржысы мен экономикалық әлеуетін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәдениеттің, моральдың, саясаттың, құқықтық жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің негіздерін бұзатын қылмыс ретінде жіктеледі» (Suramin 2021: 240). Бір кездері БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары Н. Пиллей сыбайлас жемқорлық қаупі туралы өте дәл айтқан: «сыбайлас жемқорлық – бұл адамның барлық құқықтарын іс жүзінде – азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени, сондай-ақ даму құқығын жүзеге асыруға үлкен кедергі» (https://news.un.org/en/story/2013/03/434162). «Адам құқықтары тұрғысынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастың жаңалығы экономикалық мәселелерден әлеуметтік мәселелерге бұрылу емес, сыбайлас жемқорлықты құрбансыз қылмыс ретінде танудан бас тарту» (Петерс 2024: 561). Бүкіл халық сыбайлас жемқорлықтың құрбаны болып саналуы керек.

Кейбір авторлар «елдің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек қатаң заңнама және барлық мемлекеттік мекемелерде есеп беру тетіктерін жандандыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін» деп санайды (Алмахасна 2024: 5611). Қытай мемлекет пен қоғамға үлкен зиян келтірген сыбайлас жемқорларға өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыруды бекер қолданбайды. Қазақстанға қарағанда Грузияның сыбайлас жемқорлыққа қатаң жаза қолданатыны бекер емес. Әрине, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі басты құрал қоғамда сыбайлас жемқор-

лыққа мүлдем төзбеушілік, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын құру болып табылады. Қоғамды сыбайлас жемқорлықпен күреске құқықтық сауттылық тұрғыдан дайындау мен оны кеңінен тарту ғана елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің тағы бір құралы – сыбайлас жемқорлық құрбандарына мемлекет тарапынан өтемақы төлеу. Мемлекеттік басқару қызметтерін тұтынушылар ретінде адамдар үшін «мемлекеттік басқаруға сену және мемлекеттік қызметкерлер келтірген залал үшін өтемақы алу маңызды» (Бенсинг 2023: 133-134). Кейбір авторлардың айтуынша шет елдер қылмыскерлердің келтірген залалын өтеу үшін арнайы қорын құрып жатыр, мысалы «Колумбия 2022 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қор құру туралы заң қабылдады» (Фалькони 2023: 28). Мүмкін, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық құрбандарына өтемақы төлеу қорын құру мәселесін қарастыруы керек. Сыбайлас жемқорлардың қолынан зардап шеккен немесе пара беруге мәжбүр болған жеке және заңды тұлғалар, кәсіпкерлер қылмыстық жауаптылықтан босатылуға, өтемақы алуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтен кеткен шенеуніктер өздерінің қызметтік байланыстарын пайда табу үшін пайдалана алады деген қауіп бар. Норвегияда «Мемлекеттік сектордан кеткеннен кейін жұмысқа орналасуға шектеулер туралы» заң (Lov om informasjonsplikt, karantene og saksforbud for politikere, embetsmenn og statsansatte (karanteneloven) 2016 жылы күшіне енді. Бұл заң бұрынғы саясаткерге немесе мемлекеттік қызметкер мемлекеттік аппаратта 6-12 ай кез келген лауазымдарды атқаруға және кәсіпкерлік, ведомстволық бағынысты ұйымдарда мұндай мемлекеттік қызметшіге бұрын бақылауындағы мемлекеттік қызмет саласында кәсіпкерлік ашуға тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін, қызметшіге немесе саясаткерге айыппұл салынады, ал шектеуді бұза отырып алған табысы тәркіленуге жатады (https://lovdata.no/dokument/NL/lov/2015-06-19-70). Бұл заң біздің елімізде де осыған ұқсас заңды зерделеу және қабылдау үшін маңызды болуы мүмкін. Біздің елде саясаткерлер әкімшілікке немесе министрлікке жиі ауысады. Бұған байланысты көптеген жағдайлар бар; мемлекеттік қызметшілер мен саясаткерлер бұрын мемлекеттік қызмет бақылайтын салалардағы бизнес құрылымдарына барған кезде, олар осындай салаларда бизнес жасайды. Сонымен қатар, саясаткерлердің жақын туыстары немесе мемлекеттік жоғары лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметтегі өз бақылауындағы салалардағы жеке компанияларда топ-менеджер болып жұмыс істей алады. Біздің ойымызша, бұл қабылданбайды және этикалық емес, сонымен қатар заң шығарушылар тарапынан ден қоюды талап етеді.

Еуропада 1999 жылғы 4 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы» Конвенция қолданылады. Конвенцияның 4-бабында сыбайлас жемқорлық актісі үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік белгіленген: әрбір қатысушының ұлттық заңнамасында, егер жауапкер сыбайлас жемқорлық актісін жасаса немесе сыбайлас жемқорлық актісін болдырмау үшін ақылға қонымды қадамдар жасамаса, залалды өтеуді қарастыруы тиіс деп көрсетілген (https://rm.coe.int/168007f58d). Сонымен қатар, Еуропа елдерінде «жеке тұлғалар мемлекеттік және жеке айыпталушылардан материалдық және моральдық залалды өтеуді талап ете алатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар сыбайлас жемқорлықпен күресу және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің құрбандарына өтемақы төлеудің танымал құралына айналған» (Каволюнайте-Рагаускене: 4). Еуропа елдерінде сыбайлас жемқорлықтан зардап шеккен жеке және заңды тұлғалар сотқа талап-арыз беру арқылы сыбайлас шенеуніктермен жеткілікті тиімді және тәуелсіз күресе алады деп баса айта кету керек. Пара берген компаниялар мен лауазымды тұлғалар азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы «азаматтық-құқықтық қорғау құралдарын қылмыстық қорғау құралдарымен біріктіру сыбайлас жемқорлыққа анағұрлым тежеуші әсер тигізеді ... оны бірқатар елдер ұсынған және ол озық тәжірибе болып саналады» деп атап өткен (https://www.unodc.org/documents/corruption/Publications/2023/Civil_and_Administrative_Liability_for_Corruption_UNODC_2023_EN.pdf).

